

**"TURAN" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 693 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 тамыздағы № 693 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "TURAN" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 693 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "TURAN" арнайы экономикалық аймағы туралы
ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "TURAN" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) Түркістан
облысының аумақтық шекарасы шегінде қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес
шекараларда орналасқан.

АЭА аумағы 4414,39 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының
ажырамас бөлігі болып табылады. АЭА аумағының құрамына 9 қосалқы аймақ: ауданы
494,75 гектар тарихи орталық, ауданы 1578,64 гектар әкімшілік іскерлік орталық,
ауданы 365 гектар, 35 гектар, 290 гектар, 50 гектар және 584 гектар өнеркәсіптік
аймақтар, ауданы 967 гектар әуежай және ауданы 50 гектар "Орталық Азия"
халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы кіреді.";

"TURAN" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге қосымша осы қаулыға 1-
қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "TURAN" арнайы экономикалық аймағы жұмыс
істеуінің нысаналы индикаторлары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда
жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 28 тамыздағы
№ 693 қаулысына
1-қосымша
"TURAN" арнайы экономикалық
аймағы туралы
ережеге қосымша

"TURAN" арнайы экономикалық аймағы шекарасының жоспары

	көлемі, оның ішінде (өсумен)					1 522	
2.	Шетелдік инвестиция лар көлемі	млрд теңге	394,4	502	527	553	581
3.	Отандық инвестиция лар көлемі	млрд теңге	131,2	878	922	969	1 017
4.	А Э А аумағында тауарларды және көрсетілетін қызметтерді (жұмыстард ы) өндіру көлемі	млрд теңге	12	32	47	50	55
1	2	3	4	5	6	7	8
5.	Қатысушыл ар саны	компания	66	183	192	202	212
6.	Қосалқы қызмет түрін жүзеге асыратын тұлғалар саны	адам	55	56	64	66	70
7.	А Э А аумағында құрылатын жұмыс орындарын ың саны (өсумен)	адам	1 978	7 033	9 300	13 000	18 200
8.	А Э А аумағындағ ы өндірістің жалпы көлемінде жергілікті қамту үлесі	%	45	50	55	60	65

* - индикаторлардың көрсеткіштері өсу қорытындысымен келтірілген.